

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігін енгізу бойынша пилоттық жобаны іске асыру туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы № 2 шешімі

2019 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігі туралы келісімнің 9 және 14-баптарын іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігін енгізу бойынша пилоттық жобаны (бұдан әрі – пилоттық жоба) іске асыру 2022 жылғы 1 шілдеде басталып, 2023 жылғы 31 наурызда аяқталсын.

Пилоттық жобаны іске асыру қосымшаға сәйкес тәртіппен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

2. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген, оларға қатысты қадағалап отыру тетігін енгізу бойынша пилоттық жоба шенберінде қадағалап отыру жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесі бекітілсін.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен бірлесіп:

Пилоттық жобаны 2022 жылғы 1 шілдеден бастап 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі аралықта іске асыруды Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде қолданылып жүрген деректерді беру арналары бойынша қамтамасыз етсін;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап (Еуразиялық үкіметаралық кеңес белгілеген күннен бастап) 31 наурызға дейін пилоттық жобаны іске асыруды және Еуразиялық экономикалық одақтың аумағына әкелінген тауарларды қадағалаудың тетігін Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді беру арналарын қорғау үшін пайдаланылатын криптографиялық стандарттар туралы" (ДСП) 2016 жылғы 2 маусымдағы № 50 шешіміне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді берудің қорғалған желісін пайдалана отырып, тұрақты негізде (пилоттық жобасы аяқталғаннан кейін Еуразиялық үкіметаралық кеңес айқындастын күннен бастап) жұмыс істеуін қамтамасыз етсін;

пилоттық жобаның тиімділігін бағалауды қоса алғанда, жобаны іске асыру аяқталғаннан кейін 3 ай ішінде оны іске асыру нәтижелері туралы есепті, сондай-ақ қажет болған жағдайда 2019 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақтың

кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігі туралы келісімді іске асыру мәселелері бойынша Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілеріне өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар дайындасын.

4. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы осы Шешімнің 3-тармағында көзделген есепті ескере отырып, пилоттық жобаның іске асырылуының нәтижелері туралы Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесіне баяндасын.

5. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қыргыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан
М. Григорян	И. Петришенко	Б. Сұлтанов	А. Қожашев	А. Оверчук

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2022 жылғы 21 қантардағы
№ 2 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігін енгізу бойынша пилоттық жобаны іске асырудың ТӘРТІБІ

1. Қадағалап отыруды енгізу жөніндегі пилоттық жоба (бұдан әрі – пилоттық жоба) аясында қадағалап отыру Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2022 жылғы 21 қантардағы № 2 шешімімен бекітілген тауарлар тізбесіне енгізілген тауарларға қатысты жүзеге асырылады.

2. Пилоттық жобаны іске асыру басталған күнгі жағдай бойынша Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында іс жүзінде орналасқан пилоттық жоба шеңберінде қадағалануға жататын тауарлар және осындай тауарлардың айналымына байланысты операциялар туралы мәліметтер ұлттық пилоттық жобаны іске асыру басталған күнінен бастап бір ай ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қадағалау жүйелеріне (бұдан әрі – ұлттық қадағалау жүйелері, мүше мемлекеттер) енгізілуге жатады.

Көрсетілген мәліметтерді пилоттық жоба шеңберінде қадағалануға жататын тауарлардың айналымын жүзеге асыратын мүше мемлекеттердің тұлғалары мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарына не осы ұлттық жүйеге енгізілген мәліметтерді жинауға, есепке алу, сақтау және өндеу және қадағалау тетігін іске асыруға уәкілеттік берілген ұйымдарға осындай тауарлардың айналымына байланысты операцияларды жүзеге асырғанға дейін, бірақ осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген мерзімнен кешіктірмей электрондық түрде береді.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тауарлар туралы мәліметтер ұлттық қадағалау жүйесінде бұрыннан бар болса, олар туралы ақпаратты ұсыну талап етілмейді.

3. Пилоттық жобаның мақсаты Еуразиялық экономикалық одақтың ұлттық қадағалау жүйелері мен интеграцияланған ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуін сынақтан өткізу, сондай-ақ тауарларды қадағалау тетігін одан әрі дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

4. Мыналар пилоттық жүйеге қатысушылар болып табылады:

- а) Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі - Комиссия);
- б) қадағалап отыру тетігін іске асыруды үйлестіруді қамтамасыз етуге уәкілетті мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары;
- в) қадағалаудың ұлттық жүйесіне енгізілген мәліметтерді жинауды, есепке алуды, сақтау мен өндөуді және қадағалау тетігін іске асыруды қамтамасыз етуге уәкілеттік берілген мемлекеттік билік органдары не ұйымдары;

г) 2019 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігі туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 12-бабының 1-тармағына сәйкес ұлттық қадағалау жүйелеріне енгізілген ақпаратқа қол жеткізуге рұқсат алған мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары;

д) пилоттық жоба аясында қадағалануға жататын тауарлар айналысын жүзеге асыратын мүше мемлекеттердің тұлғалары.

5. Пилоттық жоба шенберінде қадағалануға жататын тауарлардың айналысына байланысты және осындай тауарларды бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына өткізгенге дейінгі операциялар туралы мәліметтерді беру туралы сұрау салуларды (бұдан әрі – сұрау салу) жіберу мен орындау Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі пайдаланыла отырып, орыс тілінде жүзеге асырылады.

6. Сұрау салу ілеспе құжаттағы мәліметтер негізінде жасалып, онда мыналар қамтылуға тиіс:

- а) Келісімнің 9-бабына сілтеме;
- б) Келісімнің 13-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалған сұрау салуды жіберетін мүше мемлекеттің мемлекеттік органының немесе ұйымының атауы;
- в) сұрау салу жіберілетін Шарттың 13-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалған мүше мемлекеттің мемлекеттік органының немесе ұйымының атауы;
- г) тауарды иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы берілген тұлғаның сәйкестендіру коды (нөмірі) (Армения Республикасы үшін - салық төлеушінің есептік нөмірі, Беларусь Республикасы үшін - төлеушінің есептік нөмірі, Қазақстан

Республикасы үшін - жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі, Қырғыз Республикасы мен Ресей Федерациясы үшін - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

д) ілеспе құжаттың тіркеу нөмірі мен күні немесе бірегей сәйкестендіргіші, сондай-ақ ілеспе құжатқа сәйкес пилоттық жоба бойынша қадағалануға жататын тауарлардың реттік нөмірі;

е) оның негізінде тауарлар туралы мәліметтер ұлттық қадағалау жүйесіне енгізілген құжаттың атауы, нөмірі және күні, сондай-ақ көрсетілген құжатқа сәйкес пилоттық жоба аясында қадағалануға жататын тауарлардың реттік нөмірі (егер мұндай нөмір туралы мәліметтер бар болса).

7. Сұрау салуды орындау мерзімі сұрау салынатын орган сұрау салуды алған күнінен бастап күнтізбелік 15 күннен аспауға тиіс.

8. Осы Тәртіптің 6-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеу сұрау салуды орындаудан бас тартуға негіз болып табылады.

Еуразиялық экономикалық
Комиссия Кеңесінің
2022 жылғы 21 қантардағы
№ 2 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одактың кедендік аумағына әкелінген, оларға қатысты қадағалап отыру тетігін енгізу жөніндегі пилоттық жоба аясында қадағалап отыру жүзеге асырылатын тауарлардың ТІЗБЕСІ

ЕАӘО СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Қадағалап отыруды жүзеге асыру мақсатында пайдаланылатын сандық өлшем бірлігі
------------------	------------------	---

8418 10 200 1, 8418 10 800 1 Мұздатқыштар мен дана

841821 100 0, 8481 21 510 0 тоңазытқыштар

8418 21 590 0, 8418 21 910 0,

8418 21 990 0, 8418 30 200 1,

8418 30 800 1, 8418 40 200 1,

8418 40 800 1